

АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



САЙТТАР ҚАЙ ТІЛДЕ АМАНДАСАДЫ?

6-БЕТ | ҚОҒАМ



ЖЫР ДЕГЕНІМІЗ – ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

“”

Манаш ҚОЗЫБАЕВ, (1931-2002)
АКАДЕМИК

ЖАҢА ЗАМАНДА, ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТІМІЗ ҚАЛЫПТАСЫП ЖАТҚАН КЕЗДЕ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЕҢБЕККЕРІ, ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ ҰЛТТЫҚ САНАҒА ӘЛЕУМЕТТІК НЕГІЗ БЕРУІ, ОДАН ҚАЛДЫ РЕСПУБЛИКАНЫ МЕКЕНДЕГЕН КӨП ҰЛТТЫ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ БОЛАРЛЫҚТАЙ ДӘРЕЖЕГЕ КӨТЕРІЛУІ – ӨТЕ ҚАЖЕТ МӘСЕЛЕ. ҚАЗАҚ ҰЛТЫ ӨЗІНІң ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТІНДЕ БІРГЕ ӨМІР СҮРІП, ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН БАРЛЫҚ ХАЛЫҚТАРДЫҢ БІРЛІГІ ҮШІН ДЕ ЖАУАПТЫ БОЛУҒА ТИІС.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

№37 (4161) Бейсенбі 1 сәуір 2021 жыл

ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ А Қ Ш А М Ы 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA АППАРАТ



ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ – БАҚЫЛАУДА

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі елорда базарларымен әлеуметтік маңызы бар тауарлардың 19 түріне шекті сауда үстемесін белгілеу бойынша уағдаластыққа қол жеткізді.

Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы «Шапағат», «Әлем», «Әсем», «Шарын», «Биг Шанхай», «Астаналық» азық-түлік базарларының өкілдерімен кездесу өткізді. Кездесу аясында әкімдік пен азық-түлік өнімдерінің өкілдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы №145 қаулысына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түріне қосымша сауда үстемесін орнату туралы келісімге қол жеткізді.

Бұл мәселе бойынша «Magnum», «Small», «Ауап», «Ферма» «Анвар» және «Метро» сауда желілерімен меморандум жасасу бойынша іс-шаралар қарастырылып жатыр.

Сонымен бірге мемлекет «айналым схемасын» іске асыру үшін қаражат бөледі жүзеге асырады. Осы тетік шеңберінде елорданың 8 кәсіпкерлік субъектісіне қарыз берілді, бұл қаланың ірі сауда объектілерінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері 18 позициясының бағасын тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

ТҮРКІ ТІЛДЕС, ТҮГЕЛ БОЛ!

Кеше онлайн форматта Түркі тілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммиті өтті. Бейресми саммитті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ашып, Түркі кеңесіне мүше елдерді түркі өркениетін жаңғыртуды Түркістанды әлемге танытудан бастауға шақырды. Жиынға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, сондай-ақ осы саяси ұйымға мүше мемлекеттердің басшылары қатысты.

2

ТҮРҒЫНДАРДЫ САҚтануҒА ШАҚЫРДЫ

Елорда – 21 күн бойы «қызыл аймақта». Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында коронавируспен күрес қалай жүріп жатқаны жөнінде мәлімдеме жасады.

«Соңғы күндері тәулігіне 400-ге жуық індетке шалдығу жағдайы тіркеліп отыр. Балалар мен зейнеткерлер арасында инфекция жұқтыру жиіледі. Инфекциялық стационарлардағы төсек-орын жүктемесі 65%-ға жетті. ПТР-зерттеумен тұрғындарды қамту үшін қалада 24 зертхана жұмыс істеп жатыр. Олардың тәуліктік қуаты – 12 мыңнан астам.

Медицина қызметкерлері, тәртіп сақшылары, мұғалімдер, еріктілер мен басқа да қала тұрғындары коронавируспен күресте бір жылдан астам уақыт бойы алдыңғы шепте келеді. Өкінішке қарай, кейбір қала

тұрғындары коронавирусты жеңе алмады.

Күн сайын науқастар реанимацияға түсіп жатыр. Көпшілігінің денсаулық жағдайы өте ауыр деп бағаланып отыр. Бұл вирусты жеңу оңай емес. Адамдардың өмірі мен денсаулығына нұқсан келтіретін вирус.

Барша тұрғыннан сақ болуды, өз денсаулығымыз бен айналадағыларымыздың денсаулығына немқұрайды қарамауды сұраймын. Сыртқа шыққан соң айналаңыздағы адамдарға қараңыз. Біредің санитария нормаларын сақтамауы басқалардың ден-

саулығына, тіпті өміріне әсер етуі мүмкін. Баршаңызды санитарлық-эпидемиология талаптарын қатаң сақтауға шақырамын: маска тағып, адам көп жиналатын орындарға бармау керек.

Жыл басынан бастап вакцинация басталды. Бірінші болып вируспен күресте алдыңғы шепте жүрген медицина, полиция қызметкерлері, мұғалімдер вакцина алды. Халықты вакциналау сәуір айының ортасынан басталды деп жоспарлап отырмыз. Ұжымдық иммунитет арқылы ғана вирусты жеңуге болады» деп жазды елорда әкімі.

QAZCOVID-IN СЫНАҚТАН ӨТТІ



Qazcovid-in – әлем бойынша сынақтың 3-фазасына жеткен 14 вакцинаның бірі.

Бүгінге дейін әлемде 268 кандидат вакцина тіркелгенмен, соның көбі сынақтың 3-фазасына дейін жетпеген.

«Клиникаға дейінгі сынақтардан сәтті өткеннен кейін оның нәтижелері Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты дәрілік заттар мен бұйымдарды сараптау орталығына берілді. Ол жерде біз жасаған вакцина тағы сынақтан өтті. Орталық өзі іріктеп алған жануарларға егілді. Тіпті жануарларға арналған дозасын 10 есе арттырып егіп көрді. Осы арқылы оның қаншалықты қауіпсіз және тиімді екені тексерілді. Нәтижесінде біздің институтқа ДСМ клиникалық сынақ жүргізуге рұқсат берді. Сынақтың екінші

фазасы бытыр қыркүйекте басталып, 244 еріктіге салу арқылы басталды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының тізіміндегі басқа кандидат вакциналармен салыстырып қарасақ, 1 және 2-фазаның, 2 және 3-фазаның арасында рекордтық мерзім қысқа болған. ДДҰ-ның тізімінде әлем бойынша 268 кандидат бар десек, біздің Qazcovid-in 3-фазаға дейін жетті. Қазір 14-інші болып тұр» деп мәлім етті Білім және ғылым министрінің орынбасары Еркін Дәуітбаев.

Қазақстандық вакцина әлемдегі жүздеген вакцинаның ішіндегі сынақтың 3-фазасына өткен санаулы препараттың қатарына еніп отыр.



Фото: Мақсат ШАҒЫРБАЙ

ТҮРКІНІҢ ТӨРІ – ТҮЛЕГЕН ТҮРКІСТАН!

tolen_tleubaev@mail.ru

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ҰЛТТЫҚ РУХЫМЫЗ ЖАҢҒЫРҒАН Өңір

19 маусым оңтүстіктегі қасиетті қаламыз үшін ерекше күн екенін білеміз. Бұл, негізінен, Түркістанның туған күні болып бекітілі тиіс. Осыдан үш жыл бұрын, 2018 жылы 19 маусымда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Түркістанға облыс мәртебесі беріліп, киелі шаһар облыс орталығына айналды. Сол уақыттан бері рухы сілкінген, өшкені жанып, өлгені тірілген өңірдің жаңа тынысы ашылды. Аз ғана уақытта көз ілеспес жылдамдықпен жаңарған қала бұрын көрген адам танымастай болып өзгерді. Жалпы Елбасымыз Түркістанды туду идеясын тәуелсіздік таңы атқаннан бері айтып қана қоймай, голығымен жүзеге асырды. Ұлт көшбасшысының бастамасымен қасиетті қала айналасы екі-үш жылдың ішінде еңселі, ажарлы, өркениетті құт-мекенге айналғанын көріп отырмыз.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялап, жаһанға таныла бастаған шақта Тұңғыш Президент Н.Назарбаев Түркістанды күллі түркі жұртының қазығына айналдыратын өміршен жобаларды бекітіп, кемел келешектегі жоспарларын нақтылады. 2000 жылы Түркістанның 1500 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде атап өтілді. Мерейтой шеңберінде қыруар жұмыстар атқарылып, ауқымды жобалар қолға алынды. Құлтөбе қазбаларынан табылған жәдігерлер көне шаһардың тарихы 2000 жылдан әрі кететінін айғақтайды. Демек, 1500 жыл шартты түрде алынған меже деуге болады. Түркістанға барған сапарларының бірінде Ұлт көшбасшысы қаланың болашағы жөнінде былай деген еді: «Осыдан бірнеше жыл бұрын Түркістанның 1500 жылдығын

Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түркінің бесігі ғой. Тамаша Түркістандай жерде туған, Түркінің Тәңірі берген несібі ғой, – деп Мағжан ақын жырлаған киелі шаһар – Түркістанның түлеуі – тәуелсіз Қазақстанның тарихынан ойып орын алатын оқиға екені даусыз. Түркістан деген атау, ұғымның өзі Алаштың, қазақтың рухани түлеуі, жаңаруы, алға ұмтылуы деген мағынаны білдіреді. Міне, осыдан бір ғасыр бұрын Алаш арыстары аңсаған азаттық Алла бізге берген тәуелсіздіктің арқасында Түркістан шын мәнісіндегі ер түркінің бесігіне айналды. Шамшырағы қайта жанған шаһардың жаңа мыңжылдықтағы шешіресі жазыла бастады. Түркістанның басына қонған мұндай бақ Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тікелей байланысты екенін айту ләзім.

атап өттік. Сол кезде Түркістан облыс орталығы болады деп айтқанмын. Былтыр сондай заңды күші бар Жарлыққа қол қойдым. Елімізде Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент 1 млн тұрғыны бар қалаларға жатады. Болашақта осындай үлкен қалаларда экономика, мәдениет және басқа салалар өркендей береді. Алдағы уақытта 1 млн тұрғыны бар қалалар саны артады. Түркістан – түркі әлемінің бесігі. Бауырлас түркі мемлекеттері бізге көмектеседі деп сенемін. Түркістан алдағы күні ірі мегаполиске айналады».

ЕЛБАСЫНЫҢ СӨЗІ ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛДЫ

Бүгінгі таңда құрылысы қарқын алған қаланың желбетіне еріксіз тандай қағасын. Алып құрылыстың бірінші кезеңінде ірілі-ұсақты 175 нысанды салу жоспарланған. Бұл жұмысқа Қазақстанның барлық өңірлері қатысып, өз үлесін қосуда. Еліміздегі ірі-ірі құрылыс компаниялары мен облыстарға 25 нысанды салу міндеттелгенін білеміз. Былтыр олардың бірқатарының құрылысы аяқталып, тапсырылды. Олардың қатарында Нұр-Сұлтан алаңы, Конгресс-холл, Оқушылар сарайы, Орталық стадион, Олимпиадалық резерв мектебі, Цифрлық кеңсе және т. б. бар. Әсіресе, шығыс үлгісімен са-



лынған «Керуен сарай» тұрғын үй кешені көпшіліктің қызығушылығын туғызды. Ол жерде жалпы ауданы 8 мың шаршы метрлік 125 жанаша баспана бой көтереді.

Түркістанда салынған қол-өнер, өркениет, сауда және өндіріс орталығына ерекше назар аударылып отыр. Елбасының тікелей бақылауына алынған шаһардың абастануы 2050 жылға дейінгі дамудың бас жоспары бойынша жүзеге асырылады. Бұл жоспарда Түркістанның деңгейін Ыстан-бүл, Рим сияқты қалалардың деңгейіне жеткізу межеленген.

Бұл межеге көп ұзамай қол жеткізетініміз анық. Мәселен, Түркістан дегенде Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың есімі қатар аталады. Ислам дінінің көрнекті өкілінің сопылық идеялары 900 жылдан астам уақыт ұмытылмай келеді. Бұл туралы Елбасымыз «Тарих толқынында» атты кітабында былай деп жазды: «XI ғасыр Түркістаннан тараған аса қуатты рухани сәулемен нұрланған түркілердің тұңғыш сопысы – Қожа Ахмет Ясауи 1093 жылы туған. Ол негізін қалаған исламның тылсым құпиясы – сопылықтың (су-

физм) қарапайым халықтық нұсқасы тез уақытта Қазақстан-ның солтүстігі мен шығысына дейін тарады. Қожа Ахмет Ясауи Орталық Азиядағы, оның ішінде Қазақстанда да барлық түркі халықтарына ұлттық рухани ілім жүйесін өрнектеп берді. Нақ осы Ясауи ілімі арқылы ислам қазақтардың рухани өмірі салтына айналды да, кейінгі сегіз ғасырдың өн бойында соларды жебеп келді. Қазақ хандығы мен қазақ халқы құрылғанда, солардың бастау бұлағында осы ілім тұрды. Егер қазақтардың рухани

тарихы жазыла қалса, Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері («Даналық сөздері»), сөзсіз, оның бір бөлігі болып кіруге тиіс. Ясауидің ұстазы Арыстан бабтың Отырардағы, Қожа Ахмет Ясауидің Түркістандағы кесенелері – қазақтардың ұлттық руханиятының аса маңызды орталықтары. Қ.А.Ясауи кесенесі қазақ мемлекеттігінің нысанына айналып, кейінгі уақытта жалпұлттық зиярат-қорым (пантеон) қызметін атқарды. Қазақ халқының ұлы перзенттерінің мүрдeleri осы жерде сақтаулы. Сондықтан осынау тамаша ескерткішті қалпына келтіріп, бас біріктіре ортақ кіндікке бүкіл ұлттың назарын аударып отырғанмыз дұрыс».

ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТОРЛАР НЕ САЛЫП ЖАТЫР?

Түркістан облысын дамытудың 2024 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық жоспарына сәйкес, алдағы 5 жылға 1 трлн 236 млрд теңге қаражат бөліні. Өткен жылы қала құрылысына 566 млрд теңге инвестиция құйылды. Бұл – 2019 жылғы көрсеткіштен екі есе жоғары сома. Қаражаттың бір бөлігі – бюджеттен, екінші бөлігі – Түркістан еркін-экономикалық аймағына тартылған жекеменшік инвестициялар. ЕЭА-қа қатысушылар мүлік, корпоративтік және жер салығынан босатылған. Инвесторларға жерді жалға алғаны үшін кедендік алым салынбайды және импорттық тауарларға ҚЖС салынбайды. Мұндай қолайлы жағдай инвесторлардың көптеп келуіне ықпал етті. Елбасының Түркістанды түлетуде бауырлас түркі елдеріне сенім деген сөзі расқа айналды. Мысалы, «Turkistan Silkway Harbo» компаниясы «Керуен сарайдағы» тұрмыстық кешенді салуға 88,5 млрд теңге бөлді. Тарихи орталықта отелдер, мейрамхана, фуд-корт, кинотеатр, сауда-саттық, ойын-сауық орталығы, ұшатын базар мен

театр бой көтереді. Ол жерде су каналымен қайықпен жүзе аласыз.

Тағы бір түрік компаниясы – «YDA Holding» Әзірет Сұлтан халықаралық әуежайының құрылысына 68 млрд теңге бөлді. Аталған компания әуежайға апаратын жолдың және көп бейінді аурухананың құрылысына кірісіп кетті. Сондай-ақ Түркістандағы екі ірі нысан – Конгресс-холл көпбейінді концерт залы мен Неке кио сарайын швейцариялық Mabetex Group арқылы «B&A contractors» компаниясы салды.

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ДІҢГЕГІ

Түркістан – күллі түркі әлемінің діңгегі. Бұл идеяны Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жаһандық деңгейдегі басқосуларда жиі-жиі айтып жүр. Енді, міне, күллі түркінің басын қосатын, ынтымағын нығайтатын іргетас қаланды. Бұл идея сонау тәуелсіздік алған 1991 жылы Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркияның сол кездегі президенті Тұрғыт Өзальдің жылы жүздесуінен басталғаны мәлім. Одан кейін Ұлт көшбасшысы түркі бірлігі мен ынтымақтығы идеясын үнемі алға тартып, түркі елдерінің интеграциясын іске асыруға қыруар күш-жігер жұмсады. 1993 жылы ТҮРКСОЙ ұйымы құрылды. Н.Назарбаев ұйымды «Бұл түркі елдері үшін өзіндік ЮНЕСКО-ға айналды» деген баға берді. Сөйтіп, 1990 жылдардың басында Т.Өзальдің бастамасымен жүзеге асырылған түркі тілдес мемлекеттер ынтымақтастығының саммитін өткізу ізгі дәстүрге айналды. 2009 жылы Нахичевандағы саммитте Түркі тілдес елдердің ынтымақтастық кеңесі және Түркі академиясын құру идеясы жүзеге асырылды. Сол кездегі Түркия президенті Абдулла Гүл саммиттен кейін Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесіп, бүкіл түркі әлемі туысқан түркі халықтарының бірлігі, ортақ тарихымызды зерттеу, мәдени байланыстарды дамыту ісіндегі Қазақстанның бастамаларын жоғары бағалайтынын мәлім етті.

Тұңғыш Президент өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығын нығайту жолындағы қажырлы еңбегін былай еске алады: «2010 жылдың мамыр айында Астанада Еуразиялық ғылыми форум өтті. Форум барысында Түркия президенті А.Гүл екеуіміз Түркі академиясын аштық. 2011 жылдың қазанында Алматыда Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің (Түркі кеңесі) I саммиті өтіп, оған мен төрағалық еттім. Саммитте сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту мәселесі талқыланды. Түркі кеңесі саммиті жыл сайын өткізіліп тұратын болды. Түркітілдес мемлекеттердің жемісті ынтымақтастығы – Қазақстан Республикасы дәйекті түрде жүргізіп келе жатқан кең және жан-жақты еуразиялық өзара ықпалдастықтың маңызды да қажетті факторы екеніне сенімім зор».

Міне, осы жылдарда түркі әлемінің интеграциясы үлкен биікке көтерілді. Бұл – түркі әлемінің келешектегі мызғымас ынтымағы мен бұзылмас бірлігінің кепілі. Осы құндылықтың қандай екеніне Түркістандағы саммитте тағы бір мәрте көз жеткіздік. Түркі жұртының басын қосатын алқалы жиынның киелі Түркістанда өтуінің өзі Қазақстанның Орта Азия ғана емес, түркі әлемінде бақ-беделінің артып, жетекші саяси ойынына айналғанын дәлелдейді.




Фото: Мақсат ШАҒЫРБАЙ




Фото: Шүкір ШАҚАЙ

№37 (4161) 01/04/2021 Бейсенбі

250 БІРЛЕСТІК ҚҰРЫЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында елордада 250 мүлік иелері бірлестігі құрылғанын жазды.

«Тұрғын үй кешендерін салып, оларды су, электр, кәріз және т. б. инженерлік желілерге қосу жеткіліксіз. Үйді күтіп-ұстау маңызды. Тұрғын үй кешеніне сапалы қызмет көрсетілсе, ол ұзақ уақыт тұрады. Қазір елордада бүкіл елдегі сияқты ПИК-тен (пәтер иелерінің кооперативі) МИБ-ке (меншік иелері бірлестігі) көшу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Осы уақытқа дейін елордада 250 МИБ құрылды. Мұны құру қала тұрғындарына төрағаны, үй кеңесін және тексеру комиссиясын таңдауға мүмкіндік береді. Тұрғындар қаражаттың жұмсалуды бақылай алады, тұрғын үй кешенін дамыту, абаттандыру, көгалдандыру және т. б. жоспарына қатысты шешім қабылдай алады. МИБ басшылары үй шаруашылығының маңыздылығын түсініп, қабылданған шешімдер үшін жауап беруі керек.

МИБ-ке көшудің маңыздылығын ескере отырып, қалалық акселератор алаңында ТҚШ саласындағы сарапшылар қала тұрғындарына ынғайлы болу үшін оған көшуді ортақтандыруды ұсынды. Осылайша қажетті ақпаратты алудың балама әдістерінің бірі – Iqamal МИБ орталығы. Онда ТҚШ саласында



заңдық, консультациялық және техникалық көмек алуға болады. Карантиндік шектеулер кезеңінде 400-ден астам онлайн-жиналыс өткізіліп, МИБ мәселелері бойынша көмек көрсетілді.

Бұдан басқа, апта сайын тұрғын үй саласында қызметтер көрсету жөніндегі бірінші орталығымыздың базасында (Республика даңғылы, 32) мүлкін меншік иелері үшін кеңестер көрсетіледі» деп жазды елорда әкімі.

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАДЫ

Елорда әкімі Алтай Көлгінов жыл басынан бері 170 сұрақ бойынша 123 азаматты онлайн қабылдады. 168 мың астаналыққа қаржылай және ақсыз көмек көрсетілді. Наурыз айында мұқтаж отбасыларға 4000-нан аса азық-түлік себеті табысталды. Бұл туралы қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бадамұратов «Игі істер марафоны: әлеуметтік бастамалар және мұқтаж азаматтарға көмек» тақырыбында өткен онлайн брифингте мәлімдеді.

naima.kz.2012@bk.ru

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

– Қала тұрғындарының мәселелері қашанда ескеріледі. Тұрғындар әкімдікке мәселелерін айтып қана қоймай, елорданы одан әрі дамытуға қатысты идеялары және ұсыныстарымен бөліседі. Тұрғын үй бағдарламаларына қатысу, білім алу, медициналық көмек, әлеуметтік көмек алу, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу тәрізінде сұрақтарын қояды. Әкімдікке 70-рет келген азаматтарды білемін. Тіпті 80 рет келсе де қабылдаймыз. Ол үшін қаламызда барлық жағдай жасалған. Арнайы әлеуметтік қолдау орталықтары қызмет көрсетеді. Сол жерлерге барып мәселесін айтса, болмаса әкімдікке келіп түсіндірсе, шешімін табамыз. Себебі біз үшін халық үні маңызды. Жыл басынан бері бас қала басшысы Алтай Көлгіновтің жеке қабылдауында 170 сұрақ бойынша 123 азамат болды. Көп жағдайда мәселелері сол мезетте шешімін тауып жатады, – дейді Нұр-Сұлтан қаласы Ішкі



саясат басқармасының басшысы Дәурен Бадамұратов.

2020 жылы «Bizbirgimiz» шарасы аясында әкімдік өкілдері, Nur Otan партиясының мүшелері мен еріктілер мұқтаж жандарға 17000 азық-түлік себетін табыстады. Сонымен қатар «Birgimiz-Nur-Sultan» қорынан бөлінген 2522,3 миллионға 50446 азамат 50000 теңгеден қаржылай көмек алды. Жалпы 168 мың азаматқа жан-жақты қолдау көрсетілген.

«Жаня» орталығына жыл басынан бері 8833 сұрақ бойынша 8488 адам жүгінген. Оның ішінде 5234 мәселе бойынша жүйелі кеңес беріліп, 3599 мәселені шешу үшін тиісті шаралар қабылданды. Өткен жылы тұрғындардың түйткілі мәселелерін шешу үшін көпбалалы аналардың және ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың бастамасымен қалада 8 әлеуметтік орталық ашылса, биыл олардың саны «Жібек» тігін салонымен толығымен.

– Бүгінде бас қалада барлығы 2996 үкіметтік емес ұйым бар, оның ішінде белсенділер саны мыңнан асады. Биыл әкімдік қоғамдық сананы жаңғыртуға және салалық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың мемлекетпен ынтымақтастығын нығайтуға, мониторинг жүйесін дамытуға бағытталған 30-дан аса жобаны жүзеге асыруда. Себебі үкіметтік емес сектор мемлекеттің қоғамдық саяси процестерін дамуына тікелей әсер етеді. ҰЕҰ қазірдің өзінде әлеуметтік саланың өткір мәселелерін шешуге айтарлықтай үлес қосуда. Түрлі әлеуметтік топтар мүдделерінің көптірлігін көрсететін үкіметтік емес ұйымдардың тармақталған жүйесін қалыптастырып, нығайту еліміздегі азаматтық қоғамды орнықтырудың маңызды индикаторы. Қаламызда болып жатқан әлеуметтік, қоғамдық мәселелерде азаматтық қоғам шет қалмауы тиіс, – деді жиын соңында Д.Бадамұратов.

ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР МАРАФОНЫ

ЕЛОРДАДА НАУРЫЗ АЙЫ «ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР» ҰРАНЫМЕН ӨТТІ




ЕЛОРДАДА НАУРЫЗ АЙЫНДА

4 000

АСТАМ МҰҚТАЖ ОТБАСЫҒА АЗЫҚ-ТҮЛІК СЕБЕТІ ТАРАТЫЛДЫ

ӘР СЕБЕТТІҢ САЛМАҒЫ **≈27 КГ,** ІШІНДЕ 20-ҒА ЖУЫҚ АЗЫҚ-ТҮЛІК ПЕН ТҰРМЫСТЫҚ ХИМИЯ ӨНІМІ БАР



Сонымен қатар, еріктілер жалғызбасты қарт адамдардың ауласының қарын күреуге көмектесті



ТӨРТІНШІ ТОҚСАНДЫ ҚАШЫҚТАН ОҚИДЫ

Елордадағы карантиннің күшейтілуіне байланысты қаладағы барлық мектептер қашықтан оқиды. Бұл туралы Білім басқармасы басшысының орынбасары Бағлан Сматаева мәлімдеді.

karkynkktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

Төртінші тоқсан 1 сәуірден басталып, 25 мамырға дейін созылады. Мектеп бітіруші 9-11-сынып оқушылары оқуын аралас форматта жалғастырады. Пәндердің 70 пайызы – дәстүрлі форматта, 30 пайызы қашықтан оқытылады. Әр сыныпта 15 оқушыдан артық отырауға болмайды.

– 10 наурыздан бері Тәуелсіздік сарайының базасында ҰБТ өткізіліп жатыр. Бүгінгі таңда

7567 оқушының 490-ы тестілеуден өтті. Тестілеу маусымның соңына дейін жалғасады. Қорытынды аттестациялау 9-сыныптар үшін 28 мамыр мен 7 маусым аралығында қазақ тілі, орыс тілі және ана тілінде 3 пәннен, ұлттық мектептерде қазақ және орыс тілі мен әдебиеті, математика, алгебра бойынша өткізіледі. Министрліктің талаптарына сәйкес емтихан жазбаша форматта болады. Ал 11-сынып оқушылары 1-10 маусым аралығында қазақ тілі, орыс тілі, ана тілі мен алгебра, анализ бастамалары пәндерінен жазбаша түрде, Қазақстан тарихынан тестілеу түрінде емтихан

тапсырады. Мектеп оқушылары үшін бөлім бойынша жиындық бақылау 3-12 мамыр аралығында, тоқсандық жиынтық бағалау 17 мамырда өтеді. 1 сәуірден бастап 1-сыныпқа балаларды қабылдау электронды түрде жүргізіледі. Биыл мектеп табалдырығын 26 мың оқушы аттайды деп күтілуде. Алғашқы өтініштер мектеп ауласына жақын үйлерден қабылданады. Оқу күшейтілген карантиндік режимде жалғасады, – деді Бағлан Сматаева. Айта кету керек, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша коронавируспен 37 мұғалім мен 1256 оқушы ауырып жатыр.



ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

?

– Құрылысы ұзаққа созылып кеткен «Шығыс» тұрғын үй кешенінің үлескерімін. Соңғы бір жыл ішінде елордада үлескерлер мәселесі жақсы шешіліп жатыр. Тұрып қалған бірнеше тұрғын үй кешені пайдалануға беріліп, жинаған ақшаларын баспанаға салған біраз адам қуанып қалды. Осы орайда қазір біздің үй бойынша қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын, пәтерлеріміздің кілттері қашан берілетінін білгім келеді.

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

!

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес үлестік құрылыс нысандарын аяқтау бойынша жүйелі әрі ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Осындай нысанның бірі – «Шығыс» тұрғын үй кешені бірнеше блокпен тұрады. Үлескерлердің жалпы саны 2 мыңнан асады.

Барлық блоктарға қаржы бөлінді. Қаржылық және техникалық аудит жүргізілді. Техаудит өткізу қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Себебі үйдің іргетасы мен жақтауының беріктігін тексеру қажет. Барлық блоктар бойынша мердігерлер анықталды.

1А және 1В блоктарында қабеттік

жұмыстар мен инженерлік желілер жүргізілді. Лифттер мен терезелер орнатылды. Қазір жұмысшылар ішкі безендіруге кірісті.

2А және 2В блоктарында үйдің жақтауы көтеріліп, шатыр салу жұмыстары аяқталды. Қазір терезелер мен лифттер орнатылып жатыр.

3А және 3В блоктарында үйдің қаңқасы мен шатыры бойынша ұқсас жұмыстар жүргізілді. Лифттер мен терезелер орнатылады. 4А блогында (1-кезек) монолитті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Құрылыс жұмыстарын аяқтап, аталған тұрғын үй блоктарын быыл пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз.



АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Нұрлан МЫҢБАЙҰЛЫ, елорда тұрғыны:

– «Кирпичный» тұрғын алабында мектеп салу мәселесінің көтерілгеніне біраз уақыт болды. Бірақ жылда шегеріледі. Бұл жұмыс биылғы жоспарда бар ма?

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласы Құрылыс басқармасының жауабын ұсынамыз:

– Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы «Кирпичный»

тұрғын алабындағы Көксенгір көшесінде 600 орындық мектептің құрылысын жобалауды бастады. Құрылыстың болжамды басталу мерзімі – 2021 жылдың үшінші-төртінші тоқсаны.



Сарыарқа ауданы аумағындағы жылы аялдамаларды аудан әкімдігінің қарамағына қабылдау жұмыстары аяқталды. Алдағы уақытта павильондардағы кемшіліктерді жөндеу бойынша жүйелі істер жоспарға енгізілді.



Атап айтқанда, аялдамалардағы жылы және жарықтандыру жүйелері жөнделіп, сыртқы және ішкі көріністері қалпына келтіріледі. Сонымен қатар, Wi-Fi және бейнебақылау орнатылып, бағдар кестелерін жаңарту жоспарлануда.

Сарыарқа ауданында барлығы 37

жылы аялдама бар. Былтыр 6 жылы аялдама орнатылса, биыл 10 жылы аялдама құрылысы жоспарлануда. Қазіргі уақытта жеке кәсіпкерлерден аялдама салуға өтінімдер түсуде. Ауданда жалпы 328 аялдама бар. Олардың 70-іне аялдама кешенін орнату қажет.

8

ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№937 (4161) 01/04/2021 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ


5 СӘУІР



6:00 Өнұран
6:05 «Көшпенділер». Деректі фильм
6:30 «Mäsele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама.



6:00 "Эң мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 "Үздік әзілдер"



6:00 "Эн мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 "Үздік әзілдер"



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «РЕВЮ» (каз.)



07.05 «КТК» ҚОРЖЫННАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.30 «МӘСАҒАҢ КЗ»
08.30 «ДАУ ДАМАСЫЗ» (қайталау)


23.40 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив.
01.30 «С КЕМ ПОВЕДЕШЬСЯ...», мелодрама (повтор)



06:00 1001 анекдот (каз)
06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
06:50 «Неге?» (каз) (повтор)



06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Айна-online»
07.30 Скетчком Q-елі
08.00 Т/п «Ата-ана. Бала-шаға»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «РЕВЮ» (каз.)


СЕЙСЕНБІ

6 СӘУІР




6:00 Өнұран
6:05 «Көшпенділер». Деректі фильм.
6:25 AQRARAT
7:00 «TANSHOLPAN».


6:00 "Эңіл кеші"
7:00 Тұсаукесері Тікелей эфирде "Таңғы хабар"
01:30 "Кел татуласайық" (каз) (повтор)




6:00 "Эн мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 "Үздік әзілдер"



6:00 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:10 «ТОЙ БАЗАР» БАҒДАРЛАМАСЫ



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ», телехикая
08.20 «ҚАРА ТЕНІЗ». Түрік телехикаясы.




07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ», телехикая
08.20 «ҚАРА ТЕНІЗ». Түрік телехикаясы.




06:00 1001 анекдот (каз)
06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
07:20 Информбюро (повтор)


23:30 Индийский сериал «Ананди» (повтор) (каз)
01:30 «Кел татуласайық» (каз) (повтор)
03:40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)




06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Айна-online»
07.30 Скетчком Q-елі
08.00 Т/п «Ата-ана. Бала-шаға»




07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «РЕВЮ» (каз.)



6:00 Өнұран
6:05 «Көшпенділер». Деректі фильм.
6:25 AQRARAT
7:00 «TANSHOLPAN».




6:00 "Эңіл кеші"
7:00 Тұсаукесері Тікелей эфирде "Таңғы хабар"




6:00 "Эн мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 "Үздік әзілдер"


10:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
11:30 "Қызым" түрік телехикаясы
12:30 "Айданарлар шайқасы" корей телехикаясы




06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Айна-online»
07.30 Скетчком Q-елі
08.00 Т/п «Ата-ана. Бала-шаға»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ», телехикая
08.20 «ҚАРА ТЕНІЗ». Түрік телехикаясы.



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ», телехикая
08.20 «ҚАРА ТЕНІЗ». Түрік телехикаясы.




06:00 1001 анекдот (каз)
06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
07:20 Информбюро (повтор)



06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Айна-online»
07.30 Скетчком Q-елі
08.00 Т/п «Ата-ана. Бала-шаға»


03.00 Скетчком Q-елі
03.30 Т/п «Ата-ана. Бала-шаға»
04.30 Т/п «Айна-online»
05.10 Т/п «Жеңіп көр»




07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «РЕВЮ» (каз.)




6:00 Өнұран
6:05 «Қазба қазыналары». Деректі фильм.
6:25 AQRARAT
7:00 «TANSHOLPAN».



6:00 "Эңіл кеші"
7:00 Тұсаукесері Тікелей эфирде "Таңғы хабар"



06:00 1001 анекдот (каз)
06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
07:20 Информбюро (повтор)



06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Айна-online»
07.30 Скетчком Q-елі
08.00 Т/п «Ата-ана. Бала-шаға»

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ МУЗЫКА МЕКТЕБІ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІНЕ АЙНАЛДЫ



Астана Алатау баурайынан Арқаға көшірілгенде училищеге музыка академиясы қоныстанды. Соған сәйкес ескі ғимарат жаңғыртылып, қасбеті танымастай өзгерді. Бұл жобаны Қазақстанның құрметті сәулетшісі Сағындық Жанболатов жүзеге асырды.

іздеп жатқанын естідім. Айман Қожабекқызымен әңгімелескенімде ол Елбасы бірінші рояль тарту еткенін айтты. Содан қиялыма қанат бітіп, рояль мен клавиштердің суретін салдым. Ректорға бұл жоба бірден ұнады. Оқу орнының ішкі дизайнын да ойдағыдай жасап шықтық. Қазір қарап тұрсаңыз, ғимараттың қабырғасындағы музыкалық аспаптың бейнесі оның мазмұнын ашып, музыка әлеміне жақындығын айшықтап тұр, – дейді сәулетші.

1998 жылы 31 наурызда ҚР Үкіметінің қаулысымен Астана қаласында музыка академиясы негізінде Қазақ ұлттық өнер университеті құрылды. Республикамыздың солтүстік аймағында жоғары музыкалық оқу орнын ашу идеясын Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынды.






7
6:00 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫМ» телехикасы
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
8:00 Телеканал «ДОБРОЕ УТРО» (каз/рус)
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРИТ»
14:15 «112», Тикелей эфир
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тикелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
19:00 Александр Булев, Александр Горбатов, Юлия Перельман в многосерийном фильме «УГРОМ-РЕКА»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ГОРЧАЯ ТОЧКА». Залповые серии
0:30 Ночной киноклуб. «МЕТОД». Второй сезон. Новые серии




1:20 Ночной киноклуб. «ОТРАВЛЕННАЯ ЖИЗНЬ»
2:05 «P@УТИНА» бағдарламасы
2:50 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
3:20 «ЭН ДАРИЯ» бағдарламасы
4:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы



07.05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикаса
08.20 «КАРА ТЕНІЗ». Түрік телехикасы
09.40 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.20 «БЫЛО ДЕЛО»
12.00 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив (повтор)
14.00 «ХОРОШАЯ ЖЕНА», мелодрама (повтор)
16.00 «МОСТ», остросюжетный детектив
18.00 «АМАНАТ», Әзбек телехикасы.
19.30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АКИҚАТ», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ХОРОШАЯ ЖЕНА», мелодрама
23.40 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив.
01.30 «С КЕМ ПОВЕДЕШЬСЯ...», мелодрама (повтор)
02.15 «АСТАРЛЫ АКИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.00 «ТОЙ BESTSTAR», ойын-сауық бағдарламасы
04.10 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикаса (қайталау)
04.50-05.20 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)



06:00 1001 анекдот (каз)
06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
07:20 Информбюро (повтор)
08:20 «Экстрасенсы детективы» (повтор)
09:30 Корейский сериал «Өмір-өзен» (каз) (повтор)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (каз) (повтор)
13:00 Сериал «Гаддалка»
15:20 «Экстрасенсы детективы»
16:30 «Такси»
17:00 «Кел татуласайық» (каз)
19:50 «Сөздің шыны керек» (каз)
20:00 Информбюро (каз/рус)
21:00 Корейский сериал «Взрассудная любовь»
22:20 Сериал «Паутина»
23:30 Индийский сериал «Ананди» (повтор) (каз)
01:30 «Кел татуласайық» (каз) (повтор)
01:40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
04:30 Ризамын
05:00 Әзіл студия (каз)



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:30 Т/п «Айна-опліне»
07:30 Скетчком Q-елі
08:00 Т/п «Ата-ана. Бала-шаға»
09:00 Т/п «Измайловский парк»
10:50 Т/п «Скорая помощь» 2 сезон
13:00 Т/п «Серт пен сезім»
15:00 Т/п «Тойхана»
15:30 Премьерал Т/п «Алло, бұл кім?»
16:00 Т/п «Гранд 3»
17:00 Т/п «Крепостная»
18:00 Т/п «Дурная кровь»
19:00 Премьерал Т/п «Скорая помощь» 2 сезон
21:00 Премьерал Т/п «Өсекшілер»
21:30 Премьерал Т/п «Тойхана»
22:00 Премьерал Т/п «Серт пен сезім»
00:00 Т/п «Дурная кровь»
01:00 Т/п «Крепостная»
02:00 Т/п «Гранд 3»
03:00 Скетчком Q-елі
03:30 Т/п «Ата-ана. Бала-шаға»
04:30 Т/п «Айна-опліне»
05:10 Т/п «Жеңіп көр»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз).
07.35 «РЕВИО» (каз).
08.00 «Күлкі базар» (каз).
08.30 Телехикаса «Бақытсыздар бағы» (каз).
09.50 «БЕН 10» (мультсериал).
10.00 «УДИВИТЕЛЬНЫЙ МИР ГАМБОЛА» (мультсериал).
10.20 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
11.40 Сериал «ДВЕ ДЕВИЦЫ НА МЕЛИ»
12.10 «ТРИ ИКСА 2: НОВЫЙ УРОВЕНЬ» (Боевик, Айс Кьюб, Смоулз Л. Джонсон)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз, прямой эфир)
18.30 «РЕВИО» (каз).

19.00 Телехикаса «Ауылдастар» (каз).
19.30 Сериал «ДВЕ ДЕВИЦЫ НА МЕЛИ» (залк. серия)
20.00 «СУМЕРКИ.САГА. НОВОЛУНИЕ» (фэнтези-мелодрама, Роберт Паттинсон, Кристен Спарт)
22.30 «ТЕХАССКАЯ РЕЗНА БЕНЗОПОЛИЙ»: НАЧАЛО (фильм ужасов, Мэтт Бомер, Двордана Бростер)
00.20 Телехикаса «Бақытсыздар бағы» (каз).
01.20 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз, повтор)
04.40 - 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз).

ЖҰМА

9 СӘУІР




6:00 Әнұран
6:05 «Қазба қазыналары», Деректі фильм.
6:25 АҚРАРАТ
7:00 «ТАҢШОЛПАН», мелодрама
10:00 «Біздің әпке», Телехикаса.
11:00 «Асау толқын», Телехикаса.
12:00 «Махаббат, қызық мол жылдар», Телехикаса.
13:00 АҚРАРАТ
13:15 «АЛТЫН БЕСİK», Телехикаса.
13:30 «Тұлға»
14:00 «ТЕЛЕДЭРІГЕР», Тикелей эфир.
15:00 «ӘЛЕМДІ АЙНАСЫ», Тикелей эфир
15:30 «Ауылдастар»
16:00 «Қараланған жүректер», Телехикаса.
17:00 АҚРАРАТ
17:15 «Kim bilgi?», Телехикаса.
18:00 «БІЗДІң ӘПКЕ», Телехикаса.
19:00 «АСАУ ТОЛҚЫН», Телехикаса.
20:00 АҚРАРАТ
20:35 «ASHYU ALAM», Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тикелей эфир.
21:30 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР», Телехикаса.
22:30 «ЕЛШІН ҚЫЗЫ», Телехикаса
23:20 «Təyin Хо Жүн», Телехикаса.
0:10 «PARASAT MAIDANY»
0:40 АҚРАРАТ
1:15 «Азғуқ алаң», Қоғамдық-саяси ток-шоу.
2:05 «Телдәрлік»
2:55 «Тұлға»
3:20 «Ауылдастар»



6:00 «Әзіл кеші»
7:00 Тұсаукесер! Тикелей эфирде «Таңғы қабар»
8:00 Профессиональный бокс. Бобиржон Моминов - Анхель Руниз. Прямая трансляция из Пуэрто-Рико
10:15 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
12:15 Телехикаса. «Егіз жүрек»
14:00 Телехикаса. «Паленшевтер 2»
15:00 «Бүтін», Тикелей эфир
16:00 Тұсаукесер! «Асыл қазына»
17:00 Телехикаса. «Семейные обстоятельства»
18:00 Мегажит. «Жизнь прекрасна»
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 «Народный контроль»
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
23:30 «Өсем әуен»
2:55 «Тұлға»
0:30 Телехикаса. «Егіз жүрек»




6:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдiрген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 "Ұздік әзілдер"
7:30 Союзмультифильм
8:00 М/ф "Маша и медведь"
10:00 "Тұмарым" үнді телехикасы
11:30 "Қызым" түрік телехикасы
12:30 "Айдарлар шайқасы" корей телехикасы
14:00 "30 лет Независимости" Тележурнал
14:05 М/ф "Маша и медведь"
14:50 "Интерны" т/сериял
16:00 "Ұздік әзілдер"
16:30 "Ханзада Жумонг" корей телехикасы
18:00 "Ұрланған тағдыр" түрік телехикасы
20:00 ASTANA TIMES
20:55 Loto 5/35. Прямой эфир
21:00 "Қызым" түрік телехикасы
22:00 "Тұмарым" үнді телехикасы
23:10 "Айдарлар шайқасы" корей телехикасы
0:20 "Қыс қолдығы"
1:10 ASTANA TIMES
2:00 "Біреудің есебинен" деректі драма
2:45 "KazNet" галатторға шолу
3:05 "Ұздік әзілдер"
3:50 "Алмасай" т/сериял
4:35 "Біздің ауыл"
5:05 "Өтбасы"
5:30 "Бірегей"



6:00 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫМ» телехикасы
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
8:00 Телеканал «ДОБРОЕ УТРО» (каз/рус)
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «ЖДИ МЕНЯ», КАЗАХСТАН
13:00 «ПЕНДЕМИЗ ГӨЙ» бағдарламасы
14:00 «112». Прямой эфир
14:15 «112». Тикелей эфир
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тикелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
19:00 «ЗАҚ СӨЙЛЕСІН» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» (мультсериал)
20:30 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
21:50 Михаил Гаврилов-Третьяков, Павел Трубинер, Александр Константинов в многосерийном фильме «ОХОТА»
1:15 «ДОКТОР» бағдарламасы
2:05 «P@УТИНА» бағдарламасы
2:50 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
3:20 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
4:05 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы


07.05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикаса
08.20 «КАРА ТЕНІЗ», Түрік телехикасы.
09.40 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.20 «БЫЛО ДЕЛО»
12.00 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив (повтор)
14.00 «ХОРОШАЯ ЖЕНА», мелодрама (повтор)
16.00 «МОСТ», остросюжетный детектив
18.00 «АМАНАТ», Әзбек телехикасы.
19.30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
20.00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ», мелодрама
20.35 «КТКweb»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ЦВЕТ ЛИПЫ», детективная мелодрама (1-4 серия).
01.00 «С КЕМ ПОВЕДЕШЬСЯ...», мелодрама (повтор)
02.00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
02.25 «КТКweb» (қайталау)
02.45 «ТОЙ BESTSTAR», ойын-сауық бағдарламасы
03.45 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикаса (қайталау)
04.20-04.50 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)



06:00 1001 анекдот (каз)
06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
07:10 «Сөздің шыны керек» (повтор) (каз)
07:20 Информбюро (повтор)
08:20 «Экстрасенсы детективы» (повтор)
09:30 Корейский сериал «Өмір-өзен» (каз) (повтор)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (каз) (повтор)
13:00 Премьерал Анимационный фильм «Маугли дикий планетиз»
15:20 «Экстрасенсы детективы»
16:30 «Такси»
17:00 «Кел татуласайық» (каз)
19:50 «Оқиға орны» (каз)
20:00 Информбюро (каз/рус)
21:00 Корейский сериал «Взрассудная любовь»
22:20 Премьерал КИНО. Николас Холт в фильме «Между мирами»
01:20 «Кел татуласайық» (каз) (повтор)
02:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
04:30 Ризамын
05:00 Әзіл студия (каз)



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:30 Т/п «Айна-опліне»
07:30 Скетчком Q-елі
8:00 Т/п «Ата-ана. Бала-шаға»
9:00 Т/п «Измайловский парк»
10:50 Т/п «Скорая помощь» 2 сезон
13:00 Т/п «Серт пен сезім»
15:00 Т/п «Тойхана»
15:30 Премьерал Т/п «Алло, бұл кім?»
16:00 Т/п «Гранд 3»
17:00 Т/п «Крепостная»
18:00 Т/п «Дурная кровь»
19:00 Премьерал Т/п «Скорая помощь» 2 сезон
21:00 Премьерал Т/п «Өсекшілер»
21:30 Премьерал Т/п «Тойхана»
22:00 Премьерал Т/п «Серт пен сезім»
00:00 Т/п «Дурная кровь»
01:00 Т/п «Крепостная»
02:00 Т/п «Гранд 3»
03:00 Скетчком Q-елі
03:30 Т/п «Ата-ана. Бала-шаға»
04:30 Т/п «Айна-опліне»
05:10 Т/п «Жеңіп көр»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз).
07.35 «РЕВИО» (каз).
08.00 «Күлкі базар» (каз).
08.30 Телехикаса «Бақытсыздар бағы» (каз).
09.50 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.15 Трэвел-шоу «МИР НАИЗНАНКУ»
11.10 Сериал «ДВЕ ДЕВИЦЫ НА МЕЛИ» (залк. серия)
11.40 «СУМЕРКИ.САГА. НОВОЛУНИЕ» (фэнтези-мелодрама, Роберт Паттинсон, Кристен Спарт)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз, прямой эфир)
18.30 «САН САУЛА» (каз).
19.30 «СОМЕДУ WOMAN»
20.00 «ЭЛИЗИУМ: РАЙ НЕ НА ЗЕМЛЕ» (фантастический боевик, Мэтт Деймон, Джди Фостер)
22.10 «БАГРОВЫЙ ПИК» (фильм ужасов, Миа Васиковская, Чарли Ханнем, Том Хиддлстон)
00.20 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз, повтор)
03.30 - 05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз).

СЕНБІ

10 СӘУІР



6:00 Әнұран
6:05 «Қазба қазыналары», Деректі фильм.
6:30 «Ғасырлар үні»
7:00 АҚРАРАТ
7:35 ВВС ұсынады: «ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН ИДЕЯЛАР», деректі фильм. 5-бөлімі
8:35 Мультфильмдер: «Отъезды қорғу», «Түрікстан», «Қанаты барсы туралы аңыз»
10:00 «Біздің әпке», Телехикаса.
11:00 «Асау толқын», Телехикаса.
12:00 «ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТҮЕКЕДЕРІ».

12:40 «Айтқыс»
13:30 «Көкжалдар», Көркем фильм
15:00 «Өмір - көктем». Улықтан Жолдасовтың концерті
17:00 «НАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
18:00 «БІЗДІң ӘПКЕ», Телехикаса.
19:00 «АСАУ ТОЛҚЫН», Телехикаса.
20:00 «MÁSELE». Әлеуметтік-сарпатмалық бағдарлама. Тикелей эфир
20:30 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ», Музыкалық талант-шоу. Тикелей эфир
22:30 «ЕЛШІН ҚЫЗЫ», Телехикаса
23:00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ», Музыкалық талант-шоу. Тикелей эфир.
Тикелей эфир.
(жалғасы)
23:50 «Клико», Көркем фильм
1:20 «MÁsele». Әлеуметтік-сарпатмалық бағдарлама.
1:50 «Ғасырлар үні»
2:25 «Қазба қазыналары», Деректі фильм.




6:00 "Олжалы отбасы"
6:30 "Әзіл кеші"
7:30 "Өзін-өзі тану"
7:40 "Өсем әуен"
8:15 Телехикаса марафоны. "31 Бөлімше"
10:15 X/ф «Збігелі»
11:00 "Кім мықты"
12:00 Кино. "Дорога к матери"
14:00 Телехикаса. "Тракторшының махаббаты"
16:15 Тұсаукесер! "Маска"
18:00 Тұсаукесер! "Алтыбақан"
19:00 Тұсаукесер! "Хит жазамыз"
20:15 "Удале журналистски расследований"
21:00 Ақпарат арнасы "7 күн" сарпатмалық бағдарламасы
22:00 Ток-шоу "Хабарлас"
23:00 Международный турнир по ММА. AMC Fight Nights. Прямая трансляция из Москвы



6:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдiрген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 "Ұздік әзілдер"
7:30 М/ф "Маша и медведь"
8:00 "Тұмарым" үнді телехикасы
11:30 "Қызым" түрік телехикасы
12:30 "Айдарлар шайқасы" корей телехикасы
14:00 X/ф "Рам и Лакхан" (Индия, 1989 г.)
17:30 "Алдараспан"
18:00 "Ұрланған тағдыр" түрік телехикасы
20:00 Ұздік әндер
20:55 Loto 6/49. Прямой эфир
21:00 "Қызым" түрік телехикасы
22:00 "Тұмарым" үнді телехикасы
23:10 "Айдарлар шайқасы" корей телехикасы
0:20 X/ф "Неудержимые 2" (США, 2012 г.)
3:20 Той жыры
3:50 "KazNet" галатторға шолу
4:10 "Ұздік әзілдер"
5:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы



6:00 «ВНЕ ВРЕМЕНИ» ТЕЛЕХИКАСЫ
6:55 «ТОЙ БАЗАР» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:45 «ТАМАША СІТУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:40 ДМИТРИЙ ПЕВЦОВ, МАРИЯ ГОРБАНЬ, АНДРЕЙ ГОРОВ В МНОГОСЕРИЙНОМ ФИЛЬМЕ «МОЙ КАПИТАН»
12:50 «ФАБРИКА ГРЕЗ» С ОЛЬГОЙ АРТАМОНОВОЙ № 488 (22.00 СС)
13:15 АЛЕКСАНДР ПАШКОВ, МАРИНА ДЕНИСОВА, РАИСА РЫЗАНОВА В ФИЛЬМЕ «ВТОРАЯ ЖИЗНЬ ФЕДОРА СТОГОВА»
15:15 ЕВГЕНИЙ МИРОНОВ, КОНСТАНТИН ХАБЕНСКИЙ, ВЛАДИМИР ИЛЬИН, АНАТОЛИЙ КОТЕНЬЕВ, АЛЕКСАНДРА УРСУЛЯК, ЕЛЕНА ПАНОВА В ФИЛЬМЕ «ВРЕМЯ ПЕРВЫЙ»
18:00 «СЕНБІЛІК ЖАҒАЛЫҚТАР»
18:35 «ЕІ АЛТАШҚЫН...» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНАЯ ТЕМА»
20:30 «ПАРЛАМЕНТ ОНЛИНЕ»
20:55 ПРЕМЬЕРА. АННА АРАТОРКИНА, ДАНИЛА ДУНАЕВ, ДМИТРИЙ ПЕЦЛА В МНОГОСЕРИЙНОМ ФИЛЬМЕ «НАША ДОКТОР»
0:30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. «АРМИТИЯ»
2:10 «P@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
2:55 «СЕНБІЛІК ЖАҒАЛЫҚТАР»
3:20 «ТОЙ БАЗАР» БАҒДАРЛАМАСЫ
4:05 «ТОЙ ЗАКАЗ» БАҒДАРЛАМАСЫ



07.05 «АМАНАТ», телехикаса
08.20 «УЛКЕН ҮЙ», телехикаса
09.00 «ҚЫЗ ҚЫЛЫҒЫ»
09.20 «БАСТЫ РӨЛДЕ»
09.50 «КТКweb» (қайталау)
10.10 «СМЕТЯСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ»
12.00 «ЦВЕТ ЛИПЫ», детективная мелодрама (повтор)
15.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалии-шоу
17.20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
18.30 «ӘН МЕН ӘНШІ»
21.00 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ». Новый сезон!
22.00 «ПОЧТИ ВСЯ ПРАВДА», мелодрама.
01.30 «С КЕМ ПОВЕДЕШЬСЯ...» мелодрама (повтор)
03.10 «КАДАМДАР», көркем фильм
04.30-05.20 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалии-шоу (қайталау)



06:00 1001 анекдот (каз)
06:20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
07:10 «Оқиға орны» (повтор) (каз)
07:20 Информбюро (повтор) (каз)
08:20 «Экстрасенсы детективы» (повтор)
09:30 «Готовим с Адель» (повтор)

10:00 Премьерал «Bala Battle» (каз/рус)
10:40 Премьерал «Тәтті шоу» (каз)
12:10 Сериал «Ян Гуйфей» (каз)
13:20 Премьерал КИНО. «Томпак Тоня» (Киргизия) (каз)
15:20 Премьерал Анимационный фильм «Союз зверей: Спасение дуногих»
17:20 Премьерал КИНО. Николас Холт в криминальном фильме «Автобан»
19:40 Премьерал КИНО. Том Уилкинсон в криминальном фильме «Особо тяжкое преступление»
22:00 Новый сезон «Нете?» (каз)
23:30 «Музыкалық сағат» (каз)
01:10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
03:30 Ризамын (каз)
05:00 Әзіл студия (каз)



06.00 Т/п «Гүллет»
06.30 Т/п «Айна-опліне»
07.30 Скетчком Q-елі
09.00 Т/п «Измайловский парк»
10.15 X/ф «Збігелі»
11.30 «Тұмарым» үнді телехикасы
16.30 Т/п «Минус 750»
18.45 Премьерал «JAIDARMAN CUP»
20.45 Премьерал Шоу «Маска» Второй сезон
23.50 X/ф «Кёросме между нами»
02.15 Т/п «Минус 750»
04.00 Т/п «Гүллет»
05.00 Т/п «Айна-опліне»
05.30 Т/п «Айна-опліне»



07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз).
07.45 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз).
08.25 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTAV. KZ» (каз).
08.45 Мультхикаса «Ұлы Өрмекші адам» (каз).
09.30 «БЕН 10» (мультсериал)
10.00 «УДИВИТЕЛЬНЫЙ МИР ГАМБОЛА» (мультсериал)
10.40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
11.20 «СЕКРЕТНАЯ СЛУЖБА САНТА-КЛУСА» (анимационный фильм)
13.20 «ПОДВОДНАЯ БРАТВА» (анимационный фильм)
14.45 «PRO - КИНО»
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ ҚЫЗЫҚТАРЫ» (каз).
15.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз, прямой эфир)
19.30 «АМАНАТ»
ПОСЛЕДСТВИЯ (Боевик, Том Круз, Генри Кавилл)
21.20 «ПАРК ЮРСКОГО ПЕРИОДА 2: ЗАТЕРЯННЫЙ МИР» (семейное фэнтези. Джейсон Энтисс, Винс Вон)
23.40 «МОТЫЛЕК» (криминальная драма, Чарли Ханнем, Рами Малек)
01.50 - 05.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз, повтор)

ЖЕКСЕНБІ

11 СӘУІР



6:00 Әнұран
6:05 «Қазба қазыналары», Деректі фильм.
6:30 «Өсім әуен»
7:30 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
8:00 «АQSAUYT»
8:25 ВВС ұсынады: «ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН ИДЕЯЛАР», деректі фильм.
9:25 «MÁsele». Әлеуметтік-сарпатмалық бағдарлама.
10:00 «Біздің әпке», Телехикаса.
11:00 «Асау толқын», Телехикаса.
12:00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ», Музыкалық талант-шоу.
14:10 «Клико», Көркем фильм
15:40 Дисней ұсынады: «Түлкі мен ит». Мультфильм
17:10 «ҚЫМБАТ ЖАНДАР»,
18:30 «БІЗДІң ӘПКЕ», Телехикаса.
19:00 «АСАУ ТОЛҚЫН», Телехикаса.
20:00 «АРТА», Сарпатмалық бағдарлама. Тикелей эфир
20:50 «Құзден жүйрік». Интеллектуалды ойын-сауық жобасы.
22:30 «ЕЛШІН ҚЫЗЫ», Телехикаса
23:20 «Әзіл әлемі»
0:20 «Шоколад». Көркем фильм (АҚШ, Ұлыбритания, 2000 ж.)
3:15 «Кызық жаңалықтар»
3:40 «Арпа». Сарпатмалық бағдарлама.
3:55 «Қазба қазыналары», Деректі фильм.

6:00 "Олжалы отбасы"
6:30 "Әзіл кеші"
7:30 "Самопознание"
7:40 "Өсем әуен"
8:00 Профессиональный бокс. Сергей Липинец - Джейрон Энтисс. Прямая трансляция из США
10:30 "Снэгт аскакалов"
11:00 «Асау толқын»: Как построена Вселенная»
12:00 Кино. "28 панфиловцев"
14:00 Телехикаса. "Тракторшының махаббаты"
15:15 Тұсаукесер! "Хит жазамыз"
16:30 Тұсаукесер! "Алтыбақан"
17:30 "Мажилі, кз"
18:00 "Ән әлемі"
19:15 Тұсаукесер! "Маска"
21:00 Информационный канал - аналитическая программа "7 күн"
22:00 В прямой эфире "Большая неделя"
23:00 "Pro SPORT"
23:30 "Khabar boxing"
0:30 "Әзіл кеші"

6:00 Қаламгер
6:30 "Ұздік әзілдер"
7:50 М/ф "Маша и медведь"
10:00 TeleBingo. Прямой эфир
10:25 "Тұмарым" үнді телехикасы
12:00 "Қызым" түрік телехикасы
13:00 "Айдарлар шайқасы" корей телехикасы
14:30 X/ф "Неудержимые 2" (США, 2012 г.)

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз).
07.45 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз).
08.25 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTAV.KZ»

№37 (4161) 01/04/2021 Бейсенбі

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы

10.03.2021

№12/2-VII

«Нұр-Сұлтан қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 167/21-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 2-3-тармағына, «Ардагерлер туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 167/21-VI шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 1124 болып тіркелген, 2017 жылғы 19 тамыздағы «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

«2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 55-бабының 1-тармағының 5-тармақшасына, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 3-тармақшасына, «Ардагерлер туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10, 11-баптарына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**»

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібінде (бұдан әрі – Тәртіп):

Тәртіптің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

«Осы Нұр-Сұлтан қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі 55-бабы

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы

10.03.2021

№13/2-VII

«Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221 /25-VI шешімінің өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 2-3-тармағына, «Ардагерлер туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі № 554 қаулысына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 1149 тіркелген, 2018 жылдың 11 қаңтарында «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілді:

жоғарыда көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 6-бабының 2-3-тармағына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабы 3) тармақшасына, «Ардагерлер туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10, 11, 12, 13-баптарына, «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**»

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында (бұдан әрі – Қағида):

Қағиданың кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

«Осы Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 6-бабының 2-3-тармағына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабы 3) тармақшасына, «Ардагерлер туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10, 11, 12, 13-баптарына, «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес әзірленді.»

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қағидада мынадай ұғымдар қолданылды:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидада бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету және өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрменшік нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлік құқықтары оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ата-аналарының (ата-ананың) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектен тыс немесе олардан айрылуына, хабарсыз шектен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілетін шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиеленуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтарылуына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмауы және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-ананың немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала (балалар);

4) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани және мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

5) әлеуметтік көмек – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ осы Қағидада белгіленген тәртіпте атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

1-тармағының 5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 3-тармақшасына, «Ардагерлер туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10, 11-баптарына сәйкес әзірленді.»;

4-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«5. Әлеуметтік көмек азаматтардың мына санаттарына:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

2) жасы бойынша және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлерге, сонымен қатар жасына байланысты және зейнеткерлік жасқа жеткен асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға;

3) көп балалы аналарға;

4) көп балалы отбасыларға;

5) мүгедектерге;

6) он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға, оның ішінде ата-анасының (заңды өкілдерінің) біреуіне ұсынылады.»;

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. Қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату үшін электрондық атаулы картасының түпнұсқасы негіз болып табылады.»

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының сессия төрағасы

А. Табудинова

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы

Е. Каналимов

құрбандарын еске алу күні) – Чернобыль атом электр станциясы апаратын зардаптарын жоюға қатысушы тұлғалар үшін жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, сондай-ақ басқа да адамдарға беріледі.

16. 9 мамырда (Жеңіс күні) әлеуметтік көмек азаматтардың мына санаттарына:

35-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«35. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасы атынан әкімшіше мына құжаттарды қоса отырып өтініш береді:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын акт және немесе құжат, оның ішінде өмірлік қиын жағдайға байланысты адамның болған шығындарын растайтын құжаттар (чектердің, түбіртектердің көшірмелері, рецептер, медициналық қызметтерді көрсетуге арналған шарт және т.б.);

3) екіінші деңгейдегі банктіге не «Қазпошта» акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.»;

36-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«36. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.»;

40-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«40. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасы атынан әкімшіше мына құжаттарды қоса отырып өтініш береді:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) табиғи зілзала немесе өрт фактісі мен келтірілген зияндың дәрежесін растайтын құжаттар;

3) өтініш берушіге жоғалған, бүлінген тұрғын үйдің тиесілігін растайтын құжаттар;

жеке меншік құқығында тиесіліге – жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтарының болмауы (болуы) жөніндегі анықтама және құқық беретін құжаттың көшірмесі;

өзге де заңды негіздерде тұрып жатқандар үшін – тұрғын үйді ұстау бойынша меншік иесі белгіленген міндеттеменен тұру құқығына құжаттың көшірмесі;

4) қазпа болған жағдайда – отбасы мүшесінің қайтыс болу фактісін және оған қатысты тұтығын растайтын құжаттар;

5) екіінші деңгейдегі банктіге не «Қазпошта» акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.»;

41-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«41. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.»;

44-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«44. Әлеуметтік көмек көрсету үшін негіздеме төмендегі құжаттарды қоса отыра ай сайын Туберкулезге қарсы диспансері ұсынатын, осы Қағиданың

43-тармағында көрсетілген азаматтардың тізімі (бұдан әрі – тізім) болып табылады:

1) осы Қағиданың 43-тармағында көрсетілген азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) екіінші деңгейдегі банктіге не «Қазпошта» акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.»;

52-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«52. Әлеуметтік көмек мына тегін қызметтер және ақшалай төлемдер түрінде табысын есепке алыс азаматтардың мына жекелеген санаттарына:

1) тісті протездеу;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

мүгедектерге;

жасы бойынша зейнеткерлерге;

табысы аз азаматтардың ішінен көп балалы аналар, көп балалы отбасыларға (аналарға);

мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған отбасыларға (ата-аналардың біреуіне);

2) шипажайлық-курорттық емделу;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

жолдама құнының 35%-ын төлеумен жасы бойынша зейнеткерлерге;

жолдама құнының 25%-ын төлеумен ең төмен мөлшердегі зейнетақы алушылар санынан жасы бойынша зейнеткерлерге;

3) дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

4) коммуналдық қызметтерді, тұрғын үйді ұстауға, телефонға абоненттік төлемдерді төлеуге;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге және басқа да адамдарға;

5) астананың ресми мерзімді баспасөз басылмаларына жазылуға, мошналарға, шаштараздарға, мәдени ойын-сауық, спорттық іс-шараларға баруға арналған ақшалай төлемдер:

1) осы Қағиданың 43-тармағында көрсетілген азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) екіінші деңгейдегі банктіге не «Қазпошта» акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.»;

52-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«52. Әлеуметтік көмек мына тегін қызметтер және ақшалай төлемдер түрінде табысын есепке алыс азаматтардың мына жекелеген санаттарына:

1) тісті протездеу;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

мүгедектерге;

жасы бойынша зейнеткерлерге;

табысы аз азаматтардың ішінен көп балалы аналар, көп балалы отбасыларға (аналарға);

мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған отбасыларға (ата-аналардың біреуіне);

2) шипажайлық-курорттық емделу;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

жолдама құнының 35%-ын төлеумен жасы бойынша зейнеткерлерге;

жолдама құнының 25%-ын төлеумен ең төмен мөлшердегі зейнетақы алушылар санынан жасы бойынша зейнеткерлерге;

3) дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

4) коммуналдық қызметтерді, тұрғын үйді ұстауға, телефонға абоненттік төлемдерді төлеуге;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге және басқа да адамдарға;

5) астананың ресми мерзімді баспасөз басылмаларына жазылуға, мошналарға, шаштараздарға, мәдени ойын-сауық, спорттық іс-шараларға баруға арналған ақшалай төлемдер:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне ұсынылады.»;

53-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«53. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші әкімшіше өтінішке қоса мына құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) тісті протездеу түрінде әлеуметтік көмек көрсету үшін уәкілетті медициналық ұйым берген тісті протездеу, ауыз қуысын тазалау қажеттігі жөнінде медициналық қорытынды;

3) шипажайлық-курорттық емделу түрінде әлеуметтік көмек көрсету үшін шипажайлық-курорттық карта;

4) дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету түрінде әлеуметтік көмек көрсету үшін уәкілетті медициналық ұйым берген дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға, гигиена және күтім көрсету заттарына рецепт;

5) коммуналдық қызметтерді, тұрғын үйді ұстауға, телефонға абоненттік төлемдерді төлеуге ақшалай төлемдер түрінде әлеуметтік көмек үшін тұрып жатқан тұрғын үйдің шаршы метрін растайтын (техникалық паспорттан құқық белгілейтін құжат) құжаттың көшірмесі;

6) екіінші деңгейдегі банктіге не «Қазпошта» акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.»;

54-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«54. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.»;

72-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«72. Ақшалай төлемдер ай сайын мына мөлшерлерде беріледі:

1) абағтандырылған үйлерде тіркелген және тұратын, пайдаланатын тұрғын үйдің алаңына байланысты Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне:

35 ш.м-ге дейін – 1 АЕК;

35 ш.м-ден 50 ш.м-ге дейін – 6 АЕК;

50 ш.м-ден 80 ш.м-ге дейін – 7 АЕК;

80 ш.м-ден бастап және одан жоғары – 8 АЕК;

2) жеке тұрғын үйлерде тіркелген және тұратын Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 5 АЕК;

3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге – 2,4 АЕК;

4) Ұлы Отан соғысында қазпа тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлері қатарынан басқа да адамдарға – 4,4 АЕК.»;

77-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«77. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші әкімшіше мына құжаттарды қоса отырып өтініш ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтері;

3) ата-аналарын қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі (жетім балалар үшін);

4) мүгедектің туралы анықтамасының көшірмесі (бала жасына мүгедектер үшін);

5) көп балалы отбасы мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі (көп балалы отбасының балалары үшін);

6) туу туралы куәлігінің көшірмесі (жетім балалар үшін);

7) Нұр-Сұлтан қаласының орта мектебін аяқтау туралы аттестат;

8) Ұлттық бірінхалы төстілеудің немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру мен төстілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы әзірлеген технология бойынша өткізілетін кешенді төстілеудің (бұдан әрі – төстілеу) нәтижесі бойынша берілген мемлекеттік сертификаты;

9) екінші деңгейдегі банктіге не «Қазпошта» акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.»;

78. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.»;

98-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«98. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші жхльту маусымы кезеңінде әкімшіше мына құжаттарды қосып өтініш ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) газ құбырын орнату және жүргізуге байланысты өтініш берушінің нақты шығындарын растайтын акт және немесе құжат (чектердің, түбіртектердің көшірмелері, қызметтерді көрсетуге арналған шарт және т.б.);

3) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтері;

4) мәртебелі растайтын құжаттың көшірмесі (зейнеткерлік куәлік, мүгедектік туралы анықтама, балалардың туу туралы куәліктері);

5) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығының болмауы (болуы) туралы анықтама;

6) тұрғын үйді пайдалану құқығын растайтын құжат – жалға алушылар үшін;

7) екінші деңгейдегі банктіге не «Қазпошта» акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.»;

1-қосымша осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы

мәслихатының сессия төрағасы

А. Табудинова

Нұр-Сұлтан қаласы

мәслихатының хатшысы

Е. Каналимов

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы10 наурыздағы № 13/2-VII шешіміне қосымша

Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына 1-қосымша

Өмірде қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының) мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ

20 жылғы « »
(елді мекен)

1. Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

2. Тұратын мекенжайы _____

3. Орын алуына байланысты өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген өмірдегі қиын жағдай _____

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____ адам, оның ішінде:

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Өтініш берушіге тұтымыз қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, көсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы	Өмірдегі қиын жағдай
1	2	3	4	5	6	7	8

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам.

Балалардың саны: _____, олардың ішінен жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам, оқу қуны жылына _____ теңге.

Өткізген Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген адамдардың, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдары ардагерлерінің, зейнеткерлердің, 80 жасдан асқан құрт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу қажет)

5. Тұрмыс жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзге кө

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

«Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 508-2075 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 508-2075 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 1295 болып тіркелген, 2020 жылғы 18 сәуірдегі «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 40, 41, 42-жолдармен толықтырылсын:

Table with 3 columns: P/c №, Атауы, Ескерткіштің түрі, Ескерткіштің орналасқан жері. Rows include items 40, 41, and 42 with details about their names and locations.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуі;
2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында тартатылған мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;
3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуы;
4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде әділет органдарына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі

А. Көлігін

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 37-бабының 1-тармағында, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 25 қарашаданғы Қазақстан Республикасы Заңы 1-бабы 31-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. «Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуі;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында тартатылған мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуы;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде әділет органдарына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау «Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Р.Е. Исақұлова жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлігін

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Р. Исақұлов

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы Ж. Шәукентаев

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы «...» ... қаулысына қосымша

Астана қаласы әкімдігінің күшін жойған кейбір қаулылардың тізбесі

- 1. «Азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 06-2420 қаулысы (Астана қаласының Әділет департаментінде № 1001 болып тіркелген, 2016 жылғы 10 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 11 ақпандағы № 16 (3368) «Астана ақшамы», № 16 (3386) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).
2. «Азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 06-2420 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 06-669 қаулысы (Астана қаласының Әділет департаментінде № 1014 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 14 мамырдағы № 54 (3406) «Астана ақшамы», № 54 (3424) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).
3. «Азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 06-2420 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 15 тамыздағы № 08-1458 қаулысы (Астана қаласының Әділет департаментінде № 1049 болып тіркелген, 2016 жылғы 27 тамыздағы № 99 (3451) «Астана ақшамы», № 99 (3469) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

- 4. «Азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 06-2420 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 08-2576 қаулысы (Астана қаласының Әділет департаментінде № 1085 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 қантарда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде тіркелген, 2017 жылғы 7 қантардағы № 2 (3507) «Астана ақшамы», № 2 (3525) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).
5. «2-разрядтық спортшы, 3-разрядтық спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядтық спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядтық спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядтық спортшы спорттық тұлғаларын және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілігі санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 112-1470 қаулысы (Астана қаласының Әділет департаментінде № 1058 болып тіркелген, 2016 жылғы 23 қыркүйекте «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде; 2016 жылғы 17 қыркүйектегі № 108 (3460) «Астана ақшамы», №108 (3478) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

«Нұр-Сұлтан қаласының құрылыс басқармасы» ММ бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ретінде «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық дамығудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысының проблемалы объектілерін аяқтау үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарын қаржыландыруға бағытталған бюджеттік кредитте» бюджеттік кредиттеу рәсімдерін жариялайды. Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысының проблемалық объектілерін аяқтау үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарын қаржыландыру. Бюджеттік кредит бюджет комиссиясының тиісті шешімімен көзделген 23 000 000 000 (Жиырма үш миллиард) теңге сомасында 1 (бір) жыл мерзімге (2021 жылғы 31 желтоқсана дейін) беріледі. Неселендіру шарттары бар конкурстық құжаттаманы 2021 жылғы 2 сәуірге дейінгі мерзімде Нұр-Сұлтан қаласы, Сейфуллин көшесі, 30 каб. мекенжайы бойынша қолма-қол алуға болады каб. 20.

«Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары бос лауазымына орналасуға конкурс жариялауда

Конкурсқа қатысушылармен әңгімелесуді «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілдері ішінен конкурстық комиссия бейнес байланыстың қашықтық құралдары арқылы, немесе Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13 мекенжайы бойынша орналасқан мекеме ғимаратында (анықтама үшін телефон 55-69-59, 55-67-12) (құжаттарды қабылдау мерзімі 15 күнтізбелік күннен тұрады, ол конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі) құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде жүргізеді.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасарының лауазымдық жалақысы еңбек сінірген жылдарына байланысты 144142 бастап 175200 теңге дейін.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар: Лауазымдық міндеттері: өз міндеттерін медициналық-әлеуметтік мекемесінің (ұйымның) (бұдан әрі – ұйым) бірінші басшысының жетекшілігінде және басқа бөлімшелер мен қызметтердің басшыларымен өзара іс-арестте орындайды;

ұйымның мүдделестерге, оның ішінде мүдделел балаларға (бұдан әрі – қамқорлықтағылар) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі қызметін ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарында көзделген негізгі міндеттер мен функциялардың орындалуын қамтамасыз етеді;

қамқорлықтағыларға туыстық қатынастарды қолдау үшін жағдай жасау шараларын қабылдайды;

қамқорлықтағыларға олардың жеке қажеттіктерінен ескере отырып арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін персоналдың жұмысын бақылайды;

отандық және шетелдік әлеуметтік жұмыс тәжірибесін практикада қолданады;

қамқорлықтағыларға әлеуметтік қызмет көрсету жұмысының жаңа нысандары мен әдістерін енгізеді, қамқорлықтағыларды оңалту және күтуге қажетті заманауи техникалық құралдарды сатып алу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

жұртшылықпен жұмысты ұйымдастырады, заңды өкілдермен (ата-аналармен, қамқоршылармен) жұмысты үйлестіреді; басшылыққа кадрларды іріктеу, орналастыру және орындарын ауыстыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

персонал мен қамқорлықтағылардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз және қолайлы жағдайлар жасауды, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық атмосфераны ұстап отыруды қамтамасыз етеді;

еңбек және өндірістік тәртіпті нығайтады, санитариялық-эпидемиологиялық нормаларды, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының талаптарын сақтау жұмысын жүргізеді;

қажетті есеп беруді және статистикалық мәліметтердің дәлдіктерін қамтамасыз етеді.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын; Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексті; Еңбек Кодексін;

«Қазақстан Республикасында мүгедектердің бойынша және асыраулысының анықталу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Заңды; «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңды;

Ақпараттық хабарлама

«Нұр-Сұлтан қаласының Ақтивтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ www.gosrest.kz веб-порталында ең төмен бағаны белгілей отырып, бағаны көтеруге электронды аукцион түрінде жекешелендіру бойынша сауда-саттық 2021 жылғы 16 сәуір өтетінін хабарлайды.

Аукционның өткізілетін мерзімі: 2021 жылғы «16» сәуір сар. 10.00-ден 17.00-ге дейін.

1. FAW CA 1031, ш. ж. 2006, ақ түсті, шанақ №FLWFJ39A916HA21437, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№8 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м. н. № 185BP01. Бастапқы баға – 822 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 411 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

2. УАЗ, ш. ж. 2006, қара түсті, шанақ № 37 410 060 215 192, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Құдалық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, м. н. № 761СЕ01. Бастапқы баға – 409 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 204 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

Аукционға қатысу үшін www.gosreestr.kz тізімі веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы, бірінші басшының тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейлі банстерде есеп шоттарының деректемелері;

4) байланыс деректері (пошта мекенжайы, телефон, факс, e-mail);

5) ұлттық куәландыру орталығымен берілген ЭЦҚ қолдану мерзімі.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде, қатысушы тізімлі веб-порталына енгізілген деректерді бір жұмыс күні ішінде өзгертеді.

Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін тізімлі веб-порталында қатысушының ЭЦҚ қойылған Қағидаға сәйкес форма бойынша аукционға қатысудың электрондық өтінімін тіркеу қажет.

Аукционға қатысуға өтінімді тіркелгеннен кейін, тізімлі веб-порталымен үш минут ішінде өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізімлі деректер базасында болуына автоматты тексеруді жүргізеді.

Сатушының есеп шотына кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізімлі деректер базасында болған жағдайда, тізімлі веб-порталы өтінімді қабылдауды және қатысушының

аукционға қосылғанын жүзеге асырады.

Сатушының есеп шотына кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізімлі деректер базасында болмаған жағдайда, тізімлі веб-порталы қатысушының өтінімін қағайды.

Тізімлі веб-порталының автоматты тексеру нәтижесі бойынша, өтінімде көрсетілген қатысушының электронды мекенжайына өтінімді қабылдағаны туралы немесе өтінімді қабылдаудан бас тарту себебі туралы электронды хабарламаны жолдайды.

Аукцион қатысушылары аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ және аукцион нөмірін қолданыла отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісін бастапқы бағасы аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақыттымен басталады.

Мемлекеттік коммуналдық мүлікте жекешелендіру рәсімдері «Жекешелендіру объектісін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама сату бағасы бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шартына жеңімпаз бен сатушының қол қою міндеттемесі және аукцион нәтижесін белгілейтін құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шарты Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 632 каб. мекенжайы бойынша құжаттардың түпнұсқасы болған кезде, аукционды өткізген күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн ішінде қол қойылады.

Бұл ретте, аукцион Жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушы мынадай құжаттардың көшірмелерін, сальстері үшін түпнұсқаларды бере отырып немесе нотариалды куәландырылған көрсетілген құжат көшірмелерін ұсынады:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның паспорты немесе жеке басын куәландыратын немесе құжат; заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік не анықтама;

2) заңды тұлға өкілінің өкілеттілігін куәландыратын құжат, сондай-ақ заңды тұлға өкілінің паспорты немесе жеке басын куәландыратын немесе құжат.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Кепілдік жарнаны аудару үшін деректемелер: 1) ИВАН КЗ94601711000000330, БСК: HSBKZKX, Банктің атауы: «Қазақстан Халық банкі» АҚ, КНП: 911; Кбс: 11; Төлемді алушы (қаз.): «АҚПАРАТТЫҚ-ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» АҚЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ; БСН: 050540004455. Анықтама алу үшін Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 632 каб. мекенжайы, тел. 55 68 01, 55 68 15 телефоны бойынша жүгінуге болады.

ASTANA AQSHAMY advertisement featuring the logo, contact information for subscriptions (65617 and 15617), and images of the newspaper and a cup of tea. Includes text: 'ГАЗЕТИНЕ 2021 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҰРТІП ЖАТЫР!' and 'БАСПАСҢ3-2021'.

ТАЛАСБЕКТИҢ «ҚҰНАНБАЙЫ» – ТЕАТР ТӨРІНДЕ

Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры репертуарына «Абай» трагедиясы мен «Зере» драмасының енгеніне бірнеше жылдың жүзі болды. Өнер ошағының қоржыны енді «Құнанбай» спектаклімен толығып отыр. Белгілі жазушы, кинодраматург Таласбек Әсемқұловтың қаламынан туған туындыны сахнаға театр режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов лайықтады. Осылайша бір әулеттен шыққан үш бейне астаналық театр төрінде тоғысып отыр.



amangali.kalzhan@mail.ru

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Құнанбай бейнесін көпшілігіміз заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романынан таныдық. Кеңес заманының идеологиясынан шыға алмаған қаламгер кейіпкерін жағымсыз жағынан көрсетуге мәжбүр болып, Абайды алып шығу үшін Құнанбайды құрбандыққа шалды.

Тәуелсіздік қолымызға тиген уақыттан елдің қамын жеген кеменгер, көреген, әділдігімен қара қылды қақ жаратын Құнанбай образы насихаттала бастады. Таласбек Әсемқұлов сценарийін жазған Досжан Жолжақысовтың кинотуындысында дәл сондай тұлғаны көреміз. Бұл фильмнен бұрынғы көркем туындыларда Абай алдыңғы орыннан көрінсе, аталмыш кинода Құнанбай бірінші планға шығарылған. Каллехи театрының жаңа қойылымынан да бас кейіпкер ретінде Абайдың әкесін көрсек те, бұл Құнанбай киноғағдай емес – сәл басқаша Құнанбай.

Премьера үш күн бойы жүрді. Құнанбай бейнесіне де үш актер бекітті. Оның біріншісі – Қазақстанның халық

әртісі Тілектес Мейрамов, екіншісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Малаев, ал үшіншісі – Нартай Сауданбекұлы.

Біз Ерлан сомдаған Құнанбайды тамашаладық. Шыны керек, бұдан бұрын бұл әртісті басты рөлден көрмеген едік. Қойылымдарда, ол негізінен, жанама кейіпкерлерді кейіптейді. Таяуда елу жасқа толған оған қоюшы режиссер осы рөлді беріп, мерейтойына сый жасаған сияқты. Құнанбай – актердің бенефисіне лайық келетін кейіпкер.

Шымылдық ашылғанда қол-аяғы кісендеулі Құнанбайды көреміз. Абақты да ол өзімен-өзі арпалысқа түседі. Көз алдына жастық шақтағы махаббаты, сауық-сайран құрған кездері елестейді. Осы көріністің арғы жағынан жүрегі жұмсақ, лирик кейіпкер менмендікпей лайды. Осыдан қоюшы режиссер еш мінсіз адамды емес, бәріміз сияқты ет пен сүйектен жаралған, өзіне тән кемшіліктері бар кейіпкерді көрсеткісі келгені аңдалады. Бұл ойымызды құ тілді Тонтайдан (Аманжол Молдахмет) сөзбен жеңілгені де бекіте түседі.

– Құнанбайдың портреттік образын жасау мақсатын қойған жоқпыз. Адам

ретіндегі болмысын, іштегі арпалысын, қайшылықтарын беруге тырыстық. Құнанбай қатардағы адам емес, биліктің басындағы тұлға еді. Ондай адам не жасаса да, жақсылығы да, жамандығы да көзге көрінеді. Құнанбай – жалпы трагедиялы образ. Осы күндерге дейінгі ол туралы туындылар тұлғаның басынан кешкен оқиғаларға негізделген. Ал біз ішкі жан дүниесіне үңілуге талпындық, – дейді Болат Ұзақов.

Әрине, осындай ірі тұлғаны сомдау кез келген актерге зор жауапкершілік жүктейді. Өнер иесінде қобалжу болады. Осыны Ерлан Малаевтың ойынынан байқадық. Кейіпкерді сәтті сомдап шығу үшін сахнаға кемінде бес-алты рет шығу керек шығар. Сонда бекітілген рөл әртістің бойына сіңетін сияқты.

Әр көркем туындыдан көшіп жүретін Қодар мен Қамқа оқиғасы спектакльде де көрініс табады. Қоюшы режиссер мұны ұлттың тәрбиесі үшін, ар, ұят деген ұғымдар бар екенін еске салу мақсатында енгізді деп пайымдадық. Әсіресе, Құнанбай мен тергеушінің (Олжас Жақыпбек) әңгімесінен жат мәдениеттің қазақ даласына теріс ықпалы байқалады. Екі оттың ортасын

да қалған бас кейіпкердің қиналатын сәттері де аз емес.

Бізге өзіне бекітілген бейнені Олжас Жақыпбектің шынайы алып шығуы, Барак сұлтанмен сомдаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанқалдыбек Төленбаевтың ойыны, Жәгі деген барымташыны кейіптеген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кеңес Нұрлановтың рөлге кіруі ұнады.

Біздіңше, бір «әттеген-айы» драмада Зере бейнесі жоқ. Кинода оны актриса Нұрсифат Салықова тамаша көрсеткен еді. Спектакльде де осы кейіпкердің енгізілуі артық болмас еді деп ойлаймыз.

Ал Құнанбай мен Абайдың диалогы бір ғана көріністе, спектакльдің соңында берілген. «Біз өмірімізді ат үстінде алысумен өткіздік. Мен алаштың атын жетектеп әкеліп кермеге байладым... Шешілімсіз етіп. Мен алаштың найзасын белдеуге қыстырдым... Алынбастанып етіп. Содан соң... Құздың шетіне құжыраны салдым» дейді онда Құнанбай. Сонда Абай «Құжыраны неге құздың шетіне салдың?» деп сұрап, «Бұл жұмбақты сендер шешу керексіңдер» деген жауапты естиді. Осының сырын әлі аша алмай жұрды...

КЕМЕҢГЕРГЕ АРНАЛАТЫН КЕШ

Алдағы 6 сәуірде «Астана Операның» үлкен залы сахнасында италиялық маэстро Джузеппе Акуавиваның авторлық концерті – «Пуччини-гала» кеші өтеді. Онда өнер ордасының жұлдызды құрамы: Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері сопрано Салтанат Ахметова, Жұпар Ғабдуллина, Бибігүл Жанұзақ, тенор Медет Шотабаев, Жан Тапин, Мейір Байнеш, баритон Талғат Мұсабаев және дирижер Джузеппе Акуавиваның жетекшілігімен «Астана Опера» симфониялық оркестрі өнер көрсетеді.

azamat_79@bk.ru

Азамат ЕСЕНЖОЛ

«Пуччини-гала» бағдарламасында тыңдармандар ұлы италиялық композитор Дж.Пуччинидің шығармалары – «Виллисалар» операсынан «Мыстандар бии» мен L'abbandono, «Қарлығаш» операсынан «Дореттаның керемет арманы» дуэті мен Бриндизи көрінісі (квартет), «Ангелика әпке» операсындағы ариямен танысады. Бұдан бөлек, әртістер Дж.Пуччинидің баршаға танымал әрі сүйікті шығармалары – «Манон Леско» операсынан Лесконның Donna pop vidi mai ариясы, «Мадам Баттерфляй» операсынан ария, «Джанни Скикки» операсынан Скиккидің ариясы және т.б. ұсынады.

Музыкалық кешке «Астана Опера» хоры қатысады, театрдың бас хормейстері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ержан Дәуітов.

Дж.Пуччини музыкасының көрнекті білгірі – танымал италиялық дирижер, концерттің бастаушысы Джузеппе Акуавива жұртшылыққа арнап көптеген тосынсыз даярлады.

– «Астана Опера» әртістерімен көптен бері жұмыс істеймін, олармен бірлесе музыкалық қызметті жүзеге асыру маған зор қуаныш сыйлайды. Пуччини – автор, оның

шығармашылығын ұзақ әрі мұқият зерделедім. Біріншіден, Италияда «Пуччини фестивалімен» 10 жыл ынтымақтас болдым. Екіншіден, оның шығармашылығына жеке зерттеу жүргіздім. Ол шығармалары дүние жүзінде анағұрлым көп ұсынылған композиторлардың бірі болып табылады. Пуччини – өз заманының кемеңгері, ғасырға жуық уақыт өтсе де, солай болып қала бермек, – деді маэстро Джузеппе Акуавива.

Джакомо Пуччинидің барлық шығармашылығы италиялық опера өнерінің жоғарғы жетістігі болып саналады. Оның опералары әуен байлығымен, оркестрлік бояулар мен акустикалық әсерлердің ойынымен таңғалдырады, ең бастысы, Пуччини туындыларының музыкалық тілі стильдің бұқарашылдығымен, айқын-дәлдігімен ерекшеленеді. Бұған «Пуччини-гала» концертінде келген тыңдармандар көз жеткізеді.



ҰЛЫЛАРДЫ ҰЛЫҚТАДЫ

Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханасы Қазақстанның Швеция Корольдігіндегі елшілігімен бірлесіп, Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы мен Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған «Ұлт мақтаныштары» атты онлайн форматта халықаралық дөңгелек үстел мәжілісін өткізді.

Мазмұнды іс-сараға Қазақстанның Швеция Корольдігіндегі Төтенше және өкілетті елшісі Сергей Нұртаев және Швециядағы қазақстандық жастар қауымдастығының өкілдері Регина Шепетя-Ларссон мен Динара Сабденова қатыса, еліміз тарапынан жиынға академик Ұлихан Қалижанұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жақып, филология ғылымдарының докторы Светлана Ананьева қатысып, жыр алыбы Жамбыл Жабаев пен поэзия мұзбалағы Мұқағали Мақатаевтың әдеби өмірі мен шығармашылығы жайында парасатты ой қозғады.

ЖЕЛІДЕН ЖАЛҚЫ ЖЫР

Саян ЕСЖАН

КӨКТЕМНІҢ ОТЫЗ БІРІНШІ КҮНІ

Көктем бізді көрмеді,
Біз - көктемді.
Тағы бір күн басынан бізді өткерді.

Кешкі астана.
Көкжиек жалқынданып,
Бәрі жаһандағдай –
«Салқын қалып».

Жалған сөзден тұншыққан ауа сынды
Білем,
Өз-өзінен жалықты қала сұрлы.

Қабырғалар күрсінді күбірі көп,
Көшелер де күрсінді дүбірі жоқ.

Ағылар рух секілді алаңға ғой
Сырт жаққа ұмтылады қамалған ой.

Бір үйде он жан шипа «қағып» алып,
Нотасыз ән қаңғиды ауық-ауық.

Көктемді ешкім көрмеді, биыл әлі,
Бездеу талдай сұр шаһар бұйығады.

Тарылған тынысындай ойлы әлемнің
Лебі де сезілмейді майда желдің.

«Көктем» дедік бұл сәтті – сұрқы күз-ақ,
Кешкі астана.
Барады бір күн ұзап.

Күлімдеп ар жағынан бетперденің
Бізді алдап жүрсін бе әлде, Көктем керім?!



СПОРТ

ОЛИМПИАДАҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының спортшысы Анастасия Лаврова Токиода өтетін Олимпиада ойындарына жолдама жеңіп алды.

Дохада үстел теннисінен ерлер мен әйелдер арасында Олимпиада ойындарына жолдамаларды сарапқа салған іріктеу турнирінде Қазақстан атынан сынга түскен астаналық спортшы өте жақсы өнер көрсетті. Өз тобында топ жарған Анастасия Лаврова

финалда өзбекстандық Мухаббо Магдиевамен кездесіп, 4:2 есебімен жеңіске жетті.

Бұл Токио ойындарына жолдама алған төртінші елордалық спортшы болып отыр. Жалпы Олимпиада жарысына Қазақстаннан әзірге 44 жолдама бар.



БІРІНШІЛІКТЕ ЕКІНШІ БОЛДЫ

Талдықорған қаласындағы джиу-джитсудан өткен ел чемпионатында Нұр-Сұлтан қаласының спортшылары жалпыкомандалық есепте екінші орыннан көрінді.

Джиу-джитсудың фаят-систем бөлімінде 77 келі салмақта сынга түскен Баққуар Хамзе мен 69 келі салмақта неваза бөлімінде Ислам Мамилев чемпион атанса, қыздар арасында неваза бөлімінде Галина Дуванова (57 кг) мен Мадина Исказина (48 кг) өз қарсыластарынан басым түсіп, алтын медаль иеленді.

Сонымен қатар, Риза Сабитова, Нариман Мыңбаев, Дәурен Айтенов күміс жүлдеге қол жеткізсе, Биалт Геннишев, Игорь Кухарь және Айтұл Самат қола жүлдеге қол созды.

Командалық есепте бірінші орынды Алматы облысының құрамасы, ал үздік үштікті Маңғыстау облысы қорытындылады.